

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ

2021 г.
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ
ДАМУ
БАСҚАРМАСЫ

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

УПРАВЛЕНИЯ
РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА

ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

24.12.2021 г.

Түркістан қаласы

№ 391

город Туркестан

Педагог қызметкерлердің
біліктілік санаттарын
бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы №202 бұйрығына (бұдан әрі-Бұйрық) және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және техникалық және кәсіптік, арнайы білім беру ұйымдарындағы, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы педагог қызметкерлердің аттестатталуы бойынша шешімдері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Аттестациядан өткен педагогтердің қосымша үстеме ақылары 1 қаңтардан бастап есептелсін.

3. Осы бұйрыққа сәйкес шығарылған шешімдерді тиісті білім беру ұйымдары мен аудандық, қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімдеріне тарату педагог әлеуетін дамыту бөлімінің бас маманы С.Тасполатоваға жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды басшы орынбасары А.Садықоваға жүктелсін.

Негіздеме: Облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының аттестаттау комиссиясының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы шешімдері.

Басшы

Р.Жолаев

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау туралы» «24» 12 2021 жылғы № 391 бұйрығына 1-қосымша

Біліктілік санатын беру (растау) жөніндегі Комиссия отырысының хаттамасы № 1

"24" желтоқсан 2021 жыл

Комиссия төрағасы

Жолаев Рахымбек Қуатбекұлы

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы басшысы

Комиссия төрағасының орынбасары

Садыхова Ардақ Мәдіханқызы

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы басшысының орынбасары

Комиссия мүшелері

Қалықұл Құрманғазы Серікбайұлы

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы педагог әлеуетін дамыту бөлімінің басшысы

Рустемова Айгул Жакипбаевна

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бөлімінің басшысы

Төлімбет Бақытжан Нұрмахамбетұлы

Облыстық білім беруді дамыту орталығының директоры

Байғұт Нышан Тасболатұлы

Білім саласының ардагері

Қожамжарова Рахима Тохтархановна

Білім саласының ардагері

Нуржаутов Сакен Даутбекович

Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы Шымкент қаласындағы филиалының менеджері

Оспанов Азамат Серикбаевич

Облыстық білім беруді дамыту орталығының бөлім басшысы

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдың 4 қыркүйек күнгі №5-18-6/3237-И санды хаты, "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына, 15-бабының 1-тармағының 3) тармақшасы негізінде **Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының "№15 колледж" МКҚК бойынша Комиссия ШЕШІМІ:**

Өтініш берілген біліктілік санатына мына педагогтер сәйкес келеді:

№	Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Лауазымы	Міндетті/ Мерзімінен бұрын	Біліктілік санаты		Берілген біліктілік
				Қолданыстағы	Өтініш берілген	
1	Жунисова Индира Утепбергеновна	Арнайы пәнді оқытушысы	Мерзімінен бұрын	жоғары	Педагог-зерттеуші	Педагог-зерттеуші

Комиссия төрағасы

Жолаев Рахымбек Қуатбекұлы

Комиссия төрағасының орынбасары

Садыхова Ардақ Мәдіханқызы

Комиссия мүшелері:

Қалықұл Құрманғазы Серікбайұлы

Рустемова Айгул Жакипбаевна

Төлімбет Бақытжан Нұрмахамбетұлы

Нуржаутов Сакен Даутбекович

Қожамжарова Рахима Тохтархановна

Байғұт Нышан Тасболатұлы

Оспанов Азамат Серикбаевич

Хатшы

Таспологова Салтанат Бахытовна



Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Асыката кенті, Т. Әбілқасымов көшесі №5, тел: 42-4-52, 42-9-64
Туркестанский область, Жетысайский район, пос. Асыката, ул. Т. Абылқасымова №5, тел: 42-4-52, 42-9-64

БҰЙРЫҚ

21.12.2021

Асыката кенті

ПРИКАЗ

№ 108

пос. Асыката

Педагог қызметкерлерге біліктілік санатын беру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2020 жылғы 14 мамырдағы №202 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №192 бұйрықтары негізінде және 2021 жылғы 14 желтоқсандағы аттестаттау комиссия отырысының №3 хаттамасының шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Колледждің арнайы пән оқытушылары Арапбаева Айдана Мухтарқызы және Танжаров Болат Торебековичке –«педагог –модератор» біліктілік санаты берілсін.
2. Арнайы пән оқытушысы Жунисов Маратжан Шаймович- екінші біліктілік санатына, қазақ тілі пәнінің оқытушысы Дуйсебаева Анипа Маралбаевна-екінші біліктілік санатына бір саты төмен түсірілсін. Дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы Егизбаев Кайнар Бикадырович екінші санаты алынсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды директордың ОІЖ орынбасары А.Т. Орынбасаровқа жүктелсін.

Директор

Е.С.Нурханов

Бұйрықпен таныстым:

күні

қолы

қолтаңбаның толық мәні



Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасына қарасты «№15 колледж» МКҚК біліктілік санатын беру
(растау) жөніндегі комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ №3

«14» желтоқсан 2021.

Комиссия төрағасы: Е.С. Нурханов

Комиссия мүшелері:

1. Х.С. Айдарбеков
2. А.Т. Орынбасаров
3. Г. Тілеубекова
4. М. Ауезов

Хатшысы: Л. Лесбек

Күн тәртібінде:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы және 2020 жылғы 14 мамырдағы №202 бұйрығына сәйкес педагог қызметкерлерді аттестаттау.

Аттестаттау комиссиясы мүшесі А. Орынбасаров Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы және Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасына қарасты «№15 колледж» МКҚК біліктілік санатын беру (растау) жөніндегі комиссия отырысының 04.12.2020 ж №4 хаттамасы мен 07.05. 2021 ж №4 хаттамасына сәйкес біліктілік санатын қайта тапсыруға мүмкіндік берілген 5 педагог Арапбаева Айдана Мухтарқызы –арнайы пән оқытушысы, Жунисов Маратжан Шаймович – арнайы пән оқытушысы, Танжаров Болат Торебекович –арнайы пән оқытушысы, Дуйсебаева Анипа Маралбаевна – қазақ тілі пәнінің оқытушысы, Егизбаев Кайнар Бикадырович –дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы. Аттестаттаудың бірінші кезеңі ұлттық біліктілік тестілеуге тапсырып, нәтижесінде 2 (бір) педагог Арапбаева Айдана Мухтарқызы – арнайы пән оқытушысы және Танжаров Болат Торебекович –арнайы пән оқытушысы тестілеуден оң нәтиже көрсеткенін айтып өтті. Қалған 3 (үш) педагогқа Жунисов Маратжан Шаймович – арнайы пән оқытушысы, Дуйсебаева

Анипа Маралбаевна –қазақ тілі пәнінің оқытушысы, Егизбаев Кайнар Бикадырович –дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы өтініш берілген біліктілік санатынан бір саты төмен санатқа сәйкес келеді деп ұсыныс жасады. Арапбаева Айдана Мухтарқызы –арнайы пән оқытушысы және Танжаров Болат Торебекович –арнайы пән оқытушысының жұмыс нәтижелері, жетістіктері жинақталған портфолио құрылымына сараптама жасалғандығы айтып өтілді. Сонымен қатар сараптама комиссия мүшелерінің қорытындысы тыңдалды.

2021 -2022 оқу жылында біліктілік санатын алуға мерзімі жетіп өтініш берген 6 (жеті) педагог Жунисова И- арнайы пән оқытушысы, Байгунакова Г-қазақ тілі пәні оқытушысы, Ахунова Д- ағылшын тілі пәні оқытушысы, Құрманбекова Ұ-химия пәні оқытушысы, Сламкулов А- дене тәрбиесі пәні оқытушысы, Серикбаева Д –Тарих пәні оқытушысы. 2021 жылы қараша айында ашылған ұлттық біліктілік тестілеуден Жунисова Индира Утепбергеновна –педагог – зерттеушіге тапсырып оң нәтиже көрсеткенін айтып өтіп, жұмыс нәтижелері, жетістіктері жинақталған портфолиосы екінші кезеңге Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасына ұсынылды. Қалған педагогтар бірінші кезеңнен өте алмады. Аттестаттаудың бірінші кезеңі ұлттық біліктілік тестілеудің екінші мүмкіндігі бар екенін ескеріп мына педагогтарға екінші мүмкіндік берілсін деп ұсыныс жасалды. Олар Байгунакова Г-қазақ тілі пәні оқытушысы, Ахунова Д- ағылшын тілі пәні оқытушысы, Құрманбекова Ұ-химия пәні оқытушысы, Сламкулов А- дене тәрбиесі пәні оқытушысы, Серикбаева Д –Тарих пәні оқытушысы.

Тыңдалды: Сараптамалық кеңес төрайымы: Б. Абдикаримова

Педагог –модератор біліктілік санатына өтініш берген арнайы пән оқытушысы Арапбаева Айдана Мухтарқызы жоғары білімді М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін 2013 жылы жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және конструкциялануы мамандығы бойынша бітірген. Жалпы еңбек өтілі 5 жыл Педагогикалық еңбек өтілі 5 жыл. Жалпы сараптамалық топ қорытындысы *(қосымша 3 парақта)*.

Педагог –модератор біліктілік санатына өтініш берген арнайы пән оқытушысы Танжаров Болат Торебекович жоғары білімді Алматы Архитектура құрылыс институтын 1986 жылы бітірген. Жалпы еңбек өтілі 33 жыл педагогикалық еңбек өтілі 5 жыл. Жалпы сараптамалық топ қорытындысы *(қосымша 5 парақта)*.

Тыңдалды: Аттестаттау комиссия мүшесі: Х.С. Айдарбеков

Арнайы пән оқытушылары Арапбаева Айдана Мухтарқызы мен Танжаров Болат Торебекович күнделікті сабақтарында инновациялық технологияларды әдіс –тәсілдерді көптеп қолданып тәжірибе алмасып отырады. Қоғамдық жұмыстарда да өте белсенді. Қүзіреттілік жұмыстарын белсенді уақытылы орындап отырады. Білім

алушыларға білім мен тәрбие беру ісінде аянбай еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі, шығармашыл, ізденімпаз білікті маман.

Тыңдалды: Аттестаттау комиссия төрағасы Е. Нурханов:

Ұлттық біліктілік тестілеудің екінші мүмкіндігі бар педагогтарға екінші мүмкіндік берілсін деп жасалды, ұсынысты комиссия мүшелері қолдады.


Біліктілік санатын беру(растау) кезеңдерінің нәтижелері бойынша Комиссия ШЕШІМІ:


№	Т.А.Ә (болған жағдайда)	Лауазымы	Міндетті /мерзімінен бұрын	Қолда бар біліктілік санаты	Өтініш берілген біліктілік санаты	Берілген біліктілік санаты
1	Арапбаева Айдана Мухтарқызы	Арнайы пән оқытушысы	Міндетті	Санаты жоқ	Педагог – модератор	Педагог – модератор
2	Танжаров Болат Торбекович	Арнайы пән оқытушысы	Міндетті	Санаты жоқ	Педагог – модератор	Педагог – модератор


Өтініш берілген біліктілік санатына мына педагогтер сәйкес келмейді:


№	Т.А.Ә (болған жағдайда)	Лауазымы	Міндетті /мерзімінен бұрын	Қолда бар біліктілік санаты	Өтініш берілген біліктілік санаты	Берілген біліктілік санаты	Себебі
1	Жунисов Маратжан Шаймович	Арнайы пән оқытушысы	Міндетті	Бірінші санат	Педагог-зерттеуші	Екінші санат	Біліктілік талаптарына сәйкес келмейді
2	Дуйсебаева Анипа Маралбаевна	Қазақ тілі пәнінің оқытушысы	Міндетті	Бірінші санат	Педагог –зерттеуші	Екінші санат	Біліктілік талаптарына сәйкес келмейді


3	Егизбаев Кайнар Бикадырович	Дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы	Міндетті	Екінші санат	Педагог-сарапшы	Санаты жоқ	Біліктілік талаптарына сәйкес келмейді
---	--------------------------------	---------------------------------------	----------	--------------	-----------------	---------------	---


Комиссия төрағасы: 
(колы) Е.С. Нурханов

Комиссия мүшелері: 
(колы) А.Т. Орынбасаров


(колы) Х.С. Айдарбеков


(колы) Г. Тілеубекова


(колы) М. Ауезов

Хатшы 
(колы) Л. Лесбек